

№ 6 дәріс

Тақырып: Биология оқыту үрдісінде
тәрбиелеу.

Оқушылардың таным әрекетін активтендіру

Жоспар:

- Тәрбие туралы түсінік.
- Тәрбиенің мақсаты.
- Дүниетанымды қалыптастырудағы тәрбие.
- Кең ұғымды дүниетаным.
- Дүниетанымды қалыптастыру.

-
- *Тәрбие* дегеніміз – жан-дүниені байлығы, рухани байлық, ал тәрбиелеу –мақсатты бағытталған жан-дүниені байыту үрдісі (педагогикалық үрдіс).
 - Адамды қоршаған дүние – табиғат әлемі, мәдениет әлемі оның жан дүниесінің байлығы, осы «байлықты аяқ асты ету» көпшілік пенденің қолынан келетін «өнер», ал оны бар болмысыңмен сезіну, онымен қауышу – жоғары дәрежедегі өнер, рухани құндылық.

-
- *Тәрбиенің мақсаты* – әртүрлі арнайы тәрбиелік шаралардың әсерімен оқушы тұлғасында жағымды, тәрбиеші күткен өзгерістерге жету. Ал тәрбиенің нәтижесі – әлемге, қоғамға және өз-өзіне деген қатынастар жүйесіндегі адамның тұлғалық өзгерістері.

Мектептегі білім беру қазіргі қоғамның жағдайына байланысты өмір мен еңбекке дайын, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеуге бағытталған. Осы мақсатқа сәйкес биологияны оқыту үрдісінде басқа да пәндердегідей дүниетанымдық, адамгершілік, еңбек, дене, гигиеналық, этникалық, патриоттық және экологиялық тәрбие өз мәнінде, заман талабына сай берілуі тиіс.

Биологияны оқытуда тәрбиенің барлық элементтері бір-бірімен тығыз байланысты. Мысалы, дүниетанымды тәрбиелеу экологиялық тәрбиемен, қоршаған орта мен тіршілік әлеміне деген құндылық қатынас тәрбиелеумен; адамгершілік тәрбиесі – этникалық тәрбиемен; дене тәрбиесінің – гигиеналық және салауаттылықпен, ал салауаттылық – имандылықпен, адамгершілікпен, руханилықпен және патриоттық тәрбиемен тығыз байланысты.

Дүниетанымды қалыптастырудағы тәрбие

Биологияны оқытудағы аса маңызды міндет — ғылыми дүниетанымды қалыптастыру. Дүниетаным — әлемге және адамға деген жалпы көзқарастың, адам мен әлем қарым-қатынасына деген жалпы көзқарастардың жүйесі. Дүниетаным жеке тұлғаның өмірлік бағдарламасын, арман-мұраттары мен сенімдерін, мүдделері мен құндылықтарын анықтайды.

*«Дүниетанымсыз өмір – жоғарғы сезімді
бағыт-бағдардың патологиялық ауытқуы
болып табылады»*

А. Швейцер

Дүниетаным – жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың идеялық бағыт-бағдары және жетекшісі. Кең ұғымдағы дүниетаным әдіснама және ғылым әлем бейнесін береді.

Дүниетаным философиялық негізінің сипатына қарай ғылыми және діни болуы мүмкін. Ғылыми философия жекелеген пәндерді ауыстырмайды, керісінше оларды ойлау теориясымен және таным әдістерімен қаруландырады, ғылыми танымда негізгі болып табылады. Философияны ғылыммен біріктіретін ол, білімді теориялық формада құруға деген, өз тұжырымдарын логикалық дәлелдеуге деген талап.

Дүниетанымның теориялық ядросы – философия. Философиялық білімнің жүйесі төрт топтық проблемалардан тұрады. («философиялық квадрат» – болмыс жөніндегі ілім; таным жөніндегі ілім; практика жөніндегі ілім; құндылықтар жөніндегі ілім). Дүниетанымның негізі ретінде философияның барлық қырлары, салалары бір-бірімен тығыз байланыста және бір-біріне кірігіп жатады.

Дүниетанымды қалыптастыру – адамның бүкіл өмір бойында жүзеге асырылатын күрделі үрдіс, әсіресе ол мектеп кезеңінде, ғылым негіздерін жүйелі игеру кезінде және қоғамдық өмір тәжірибесін меңгеру шағында қарқынды жүреді. Осы кезде дүниетанымның қалануы бірінші кезекте, мектептегі оқылатын пәндердің мазмұнымен анықталады.

Дүниетанымды қалыптастырудың негізгі элементі – *адамгершілік көзқарастарды* дамыту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.М.Верзилин «Общая методика преподавания биологии» М,1972ж.
2. В.М.Корсунская «Уроки общей биологии» М,1970г
3. Зверев И.Д., Мягкова А.Н. «Общая методика преподавания биологии»

Назарларыңызға
рахмет!!!